

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕС ЖҰРНАҚТАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СИНОНИМДЕР

Қутыбаева А.,
Әжіяз атындағы НМПИ
таянши докторанты

Жумабаев У.,
Әжіяз атындағы НМПИ
қазақ тіл және әдебиеті
3-курс студенті

Аннотация

Ғылыми мақалада синонимдердің жасалуына соның ішінде синонимдес жұрнақтар арқылы жасалған синонимдерге Абай шығармаларынан мысалдар келтірілген.

Кілтті сөздер: Синоним, жұрнақ, сын есім, көп мағыналы сөз, түбір сөз, лексика-грамматикалық мағына.

Annotation

The scientific article gives examples of the creation of synonyms, including synonyms created using synonymous suffixes, from Abai's works.

Key words: Synonym, suffix, adjective, polysemous word, root word, lexical-grammatical meaning.

Әр түрлі сөздердің мағыналарының ұқсас болып келіп, синоним болатыны сияқты, жұрнақтар да білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтерінің сәйкес болуына байланысты синонимдес болады. Синонимдес жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде пайда болған сөздер морфологиялық синонимдердің қалыптасуына айрықша әсер етеді. Түбір сөзге синонимдес жұрнақтар қосыла келіп, өзара мәндес сын есімдерді туғызады.

Қазіргі қазақ тілінде сын есім жасайтын синонимдес жұрнақтардың бірнеше түрлері бар: -шақ (-шек), -қақ (-кек), -қыш (-кіш), -қыр (-кір), -шыл (-шіл), -шаң (-шең) т.б. Бұлардың ішіндегі -шақ (-шек) пен -қыр (-кір) (білгіш-білгір), -ғыш (-гіш) пен -шаң (-шең), -шақ (-шек) (ашуланғыш-ашушаң-ашуланшақ) жұрнақтары да білдіретін мағыналары тарапынан синонимдес болып табылады. Сол сияқты сөзшең-сөзшіл-сөзуар-сөйлегіш деген синонимдік қатардағы -шіл, -шең,-уар, -гіш жұрнақтары әзілкеш-әзілшіл, әзілқой деген синонимдік қатардағы -кеш, -шіл, -қой жұрнақтары да бір-бірімен мағыналас. Мысалы:

Сөзуар, білгіш,

Законшік, көргіш–

Атанбақ– мақсұт, мақтанбақ (1:88)

«Күлгіш, білгіш, көргіш, сенгіш, ұққыш, жазғыш сөздеріндегі -гіш, -қыш, -ғыш жұрнағы етістікке жалғанып, белгілі бір істі үнемі жүзеге асыруға қабілеті барлықты бағдарлататын сын есім тудырып тұр»¹. Мысалы:

Қулықты көргіш,

Сұмдықты **білгіш**

Табылар кісі жөндерге (1:87).

«Айтшы-айтшылап» жалынар,

Ұққыш жансып шабынар (1:83).

Сол сияқты, мағыналары сәйкес ұялшақ-ұялғыш сын есімдері ұялу сөзіне -шақ және -ғыш жұрнақтарының жалғануы нәтижесінде пайда болған. Ұялшақ-ұялғыш сын есімдері жасық, ұяң мағынасында жұмсалады.

Бір түбірге өзара мәндес жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде қалыптасқан сын есімдер арнайы тоқталуды қажет етеді. Бұл мәселе біркелкі түбірге сәйкес мағыналы жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде пайда болған сөздер өзара синоним болып санала ма, жоқ әлде бір сөздің әр түрлі варианттары болып есептеле ме деген сұрақты шешумен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдар сөздік құрамда түбірлері ортақ синоним сөздердің болуын қуаттайды¹.

Ортақ түбірге әр түрлі жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде синонимдес сөздер де, сонымен қатар, бір сөздің әр түрлі варианттары да жасалуы мүмкін. Мұндағы негізгі мәселе түбірлері ортақ синоним сөз бен бір сөздің әр түрлі варианттарын ажыратып, айқындай білуде.

Тілде бір түбірге жұрнақтардың жалғануы арқылы синонимдес сөздердің пайда болуы өзара мәндес жұрнақтардың әрқайсысына тән мағыналық реңктерге байланысты. Түбірлері ортақ синоним сөздер көбінесе сын есімдерге тән болғандықтан, өзара мәндес жұрнақтар басқа сөз таптарынан сын есім туғыза отырып, әр түрлі мағыналық реңктерді білдіреді. Демек бір сөздің әр түрлі варианттары мағыналары жағынан бірыңғай болып келсе, түбірлері ортақ синонимдер бір түбірге әр түрлі сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде жасала келіп, бір-бірінен мағыналық реңктері арқылы ажыратылады.

«Күлгіш, білгіш, көргіш, сенгіш, ұққыш, жазғыш сөздеріндегі -гіш, -қыш, -ғыш жұрнағы етістікке жалғанып, белгілі бір істі үнемі жүзеге асыруға қабілеті барлықты бағдарлататын сын есім тудырып тұр»¹. Мысалы:

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы.1991ж.–Б.36, –Б.186.

¹ Гречко В.А. Однокоренные синонимы в современном русском литературном языке. АҚД, Алма-Ата. 1994.С.11

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы.1991ж.–Б.36, –Б.186.

Қулықты көргіш,

Сұмдықты **білгіш**

Табылар кісі жөндерге (1:87).

«Айтшы-айтшылап» жалынар,

Ұққыш жансып шабынар (1:83).

Сол сияқты, мағыналары сәйкес ұялшақ-ұялғыш сын есімдері ұялу сөзіне -шақ және -ғыш жұрнақтарының жалғануы нәтижесінде пайда болған. Ұялшақ-ұялғыш сын есімдері жасық, ұяң мағынасында жұмсалады.

«-Шақ,-шек жұрнағы өздік етіс формаларына жалғанып, олардың мағыналарына қатысты іс-әрекетті істеушінің сындық қасиетін білдіреді. Мыс, аяншақ, мақтаншақ, ұрыншақ, еріншек, тартыншақ, қызғаншақ т.б.»².

Филип патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен (1:263).

Сонымен, -қыш пен -қыр жұрнақтары ұш деген түбірден, -шақ пен -ғыш ұял етістігінен өзара мәндес сын есімдерді жасап тұр.

Демек, түбірлері ортақ синонимдерді туғызатын жоғарыдағы жұрнақтардың өзіндік лексика-грамматикалық мағыналары бар. Мысалы, -қыш, -ғыш, -кіш, -гіш, -шақ, -қақ, -ғақ, -кек, -қыр, -ғыр, -кір, -гір жұрнақтары біріншіден, басқа сөз таптарынан (етістіктен, зат есімнен) сын есім жасайтын сөз тудырушы жұрнақтар болса, екіншіден, өздері жалғанған сөзге жаңа мағына үстей отырып, бір түбірден өзара мәндес сөздер туғызу арқылы синонимдік қызмет атқарады. Мысалы: Екіншісі – **намысқор** келеді екен (2:156). **Намыскер**, ызалы кедей асқақ байға қарсы кекшіл семсер суырады қынаптан! (2:121).

Сонымен, ортақ түбірге жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде пайда болған сын есімдер сәйкес мағынаны білдіре келіп, мағыналық реңкі жағынан, стилистикалық бояма мәні тарапынан ажыратылады.

Ортақ түбірге қосыла келіп, сын есім синонимдерді туғызатын мағыналары сәйкес жұрнақтардың келесі ерекшелігі: олар түбірлерді талғап жалғанады. Синонимдік жұрнақтар бір сөз табына қатысты сөздердің бәріне бірдей қосыла бермейді, біреуі жалғанған түбірге екіншісі жалғанбайды. Мысалы, әзілкеш-әзілшіл-әзілқой деген сөздердегі –кеш, -шіл, -қой жұрнақтарының кейбіреулері әзіл зат есімімен синонимдес қалжың сөзіне тіркесіп айтылмайды. Мәселен, әзілкеш дегендегі -кеш жұрнағы қалжың сөзіне қосылмайды. Оның есесіне тілде

қалжыңшыл-қалжыңбас деп қолданылады, яғни қалжың сөзі басқа жұрнақтарды қосып алу арқылы сын есімге айналады.

Мысалы:

Күлмендеп келер көздері,

Қалжыңбас келер өздері (1:129)

Сол сияқты жоғарыда сөз болған -ғыш, -гіш, -ғыр, -гір, -шақ, -шек синонимдес жұрнақтардың ішіндегі -ғыш, -гіш жұрнағы кез келген етістікке (көргіш, білгіш, тапқыш, айтқыш, күлдіргіш, сенгіш, кеңескіш т.б.) жалғана берсе, -ғыр, -гір, -шақ, -шек жұрнақтары сөздерді талғап қана қосылады. Мысалы: тартыншақ, ұрыншақ, қорғаншақ, өткір, алғыр т.б.

Қорыта айтқанда сын есім синонимдер синонимдес жұрнақтардың бір түбірге жалғануы нәтижесінде ғана емес, бірнеше түбірлерге қосылуы арқылы да жасалады.

Абай синонимдерді таңдауда нағыз ұтқырлық танытқан. Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асыруын Абай шығармаларынан топталған мысалдар арқылы көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қалың елім қазағым. Алматы. Атамұра. 2002ж -Б.223.
2. Гречко В.А. Однокоренные синонимы в современном русском литературном языке. АКД, Алма-Ата. 1994.С.11
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы.1991ж.–Б.36, –Б.186.
4. Адилова Г.А. Құтыбаева А. Қазақ тіліндегі лексика-фразеологиялық тіркестер арқылы жасалған синонимдер. Филология тадқиқотлар. Илмий мақалалар топламы. Нөкис. 2021. –ББ. 40-44.